

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№8 (121)

ЖҰМА

7 наурыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ



Әлемнің сыйы – әйелге!

Ана – тіршіліктің тірегі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Ел тарихының қай кезеңінде болсын, батыр аналарымыз асқан ерлігі мен өнегелі істерінің арқасында бірлік, тұрақтылық, өркендеу сияқты арқаулы құндылықтар қалыптастыра білді. Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да Әйел-аналар қауымы! Бұл туралы Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Ерболатұлы Бөрібаевтың құттықтау сөзінде жақсы айтылды. Кеншілер қаласында да әйелдердің, қыз-келіншектердің үлес салмағы басым. Олар қай салада болса да еңбек етіп, жетістікке жетіп, табысты тасқындатып келеді.

Қаладағы 13 мектеп пен 15 балабақшада 1000-нан астам ұстаз болып еңбек ететін қыз-келіншектер елдің келешегіне терең білім, тәлімді тәрбие беруде. Медицина саласындағы 700-ден астам дәрігер мен медбике халықтың денсаулығын қамтамасыз етуде. Шағын және орта бизнестің 62%-ін нәзік жандылар қауымы басқарады. Ал, қаладағы әлеуметтік қызметкерлердің барлығы да - әйелдер. Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлес салмағы 64 пайызды құрайды. Мұның барлығы әйел қауымының әр істі дөңгелетіп әкететінін, қай салада да көшбасшы бола алатындығының айқын дәлелі.

Салтанатты жиын барысында бір топ көпбалалы анаға «Алтын алқа»,

Қанатына көктемді ілестіріп жеткен Абзал Аналар, Ардақты Арулар мерекесі биыл Қаныш қаласында «Әлемнің сыйы – әлемге!» деген тақырып аясында өтті. Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер Сарайында өткен салтанатты жиын әртүрлі мамандық иелерін бейнелеген хореографиялық композицияның сүйемелдеуіндегі квартеттің нәзік жандыларға арналған әнімен басталды.



«Күміс алқа» тапсырылды. Сәтбаев қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері Жаңабая Нәзгүл, «Нұрбөбек» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі Ибраева Мақпал, «Сәт Тазалық» мекемесі тұрмыстық қалдықтарды шығару учаскесінің қызметкері Мұқанова Мейрамкүл Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен, ал, Сәтбаев қаласы емханасының медбикесі Қаратауова Сәния Ұлытау облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, қаланың қоғамдық

саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбектері үшін бір топ еңбек үздіктеріне Сәтбаев қаласының Құрмет грамотасы табыс етілді. Олардың басым көпшілігі қарапайым еңбек адамдары, жұмысшы мамандықтарының өкілдері болды.

«Казахмыс Дистрибушн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің №1 жылу станциясының суды химиялық тазарту қызметкері Гуль-Прямкова Еленаға, Шығыс Жезқазған кенішінің №55 шахтасының аймақтық бірыңғай қойма шаруашылығы БМ шахта қой-

масы телімінің жарылғыш зат тараушысы Жаманбаева Гүлжазираға, Оңтүстік Жезқазған кеніші №65 шахтасы №20 учаскесінің көтеру машинасының машинисі Прохасько Викторияға «Лайықты еңбегі үшін» төсбелгісі тапсырылды.

Мереке марапатымен де мәнді, мазмұнды. Бұл - еңбектің бағалануы, адамның құрметтелуі. Ал, әйел қауымына әлемнің барша сыйлығының өзі де ешқашан көптік етпейді.

Абдолла ДАСТАНОВ





МЕМЛЕКЕТ НАГРАДАЛАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. 8 наурыз қарсаңында көптеген жұмыскер – әйелдер мемлекет наградаларына ие болды. Олардың арасында облысымыздың да бірнеше ару жандары бар. Ұлытау облысының әкімі Д.Рысбеков олардың бірнешеуіне мемлекет наградаларын салтанатты жағдайда табыс етті.

Награда иелерінің бірі «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС филиалы «Қ. Сәтбаев атындағы «Жезқазғантүсмет» ОБ электрмен дәнекерлеушісі Баянгүл Қожабергнқызы Қамбарова III-дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталса, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы - «Жезқазғантүстімет» ОБ №1, 2, 3 Жезқазған байыту фабрикаларының флотаторы Майра Жұратбекқызы Ермановаға «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағы берілді.

Жезқазған мыс балқыту зауытының түрлі-түсті металл бақылаушысы Бақыт Рахымқызы Жанғабылованың 30 жылдан астам төккен тер, еткен еңбегі «Құрмет»

орденімен атап өтілді. Ольга Леонидовна Мануш – Жезқазған жылумен-сумен қамту кәсіпорны жоспарлау-экономика бөліміне басшылық жасайды. Ол көп жылғы жемісті еңбегі үшін III-дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін төсіне тақты. Қазыналы Қаражал өңірінің Жәйрем тау-кен байыту комбинаты полиметалл байыту фабрикасында еңбек етіп, өз ісін асқан адалдық және жауапкершілікпен атқарып жүрген Бағдат Әбілдақызы Сәдуақасова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Облыс басшысы марапат иелеріне еңбекте табыс, өмірде бақыт тіледі.

А. НҰРТАУҰЛЫ.

ҚҰРМЕТКЕ ТОЛЫ САЛТАНАТ

Ұлытау облысының асыл ана, аяулы аруларының құрметіне арналған салтанатты жиын Жезқазған қаласындағы Халықтар достығы мен мәдениеті Үйінде өтті.

Салтанатқа жиналғандарды облыс әкімі Дастан Адайұлы Рысбеков құттықтады. Ол адамзат өміріндегі Әйелдің орны айрықша екеніне тоқталып өтті. Қоғамның қай саласы болсын олар екпінді еңбек, өнегелі істерімен баршаға үлгі болып келеді.

Биылғы жыл - Жұмысшы мамандықтар жылы. Салтанатты жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жәйрем полиметалл байыту фабрикасының машинисі Базаркүл Сайлаубайқызы Сүлейменованың атына жолдаған Құттықтау хаты дауыстап оқылды. Мұнда: «Құрметті Базаргүл Сайлаубайқызы! Сізді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Шуақты көктем мерекесінде шаңырағыңыз шаттықа, құшағыңыз гүлге толсын! Бақытқа кенеліп, әрдайым



жақындарыңыздың құрмет-қошеметіне бөлене беріңіз. Сізге зор денсаулық, мол табыс, бақ-береке тілеймін!» деп жазылған. Президенттің Құттықтау хатын Б.Сүлейменоваға облыс басшысы табыс етті. Қарапайым еңбек адамына мұндай құрмет тамаша үлгі – өнеге екені сөзсіз.

Көптеген аруларға Ұлытау облысының Құр-

мет Грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты және т.б. марапаттамалар табысталды. Шымкент қаласының «10+ театры», «Гүл-гүлдәурен», «Шалқыма» ансамблдері мен «Matia dance» би студиясының және белгілі эстрада әншісі Жігер Ауыпбаев және т.б. өнерпаздар ұсынған концерттік бағдарлама салтанаттың шырайын аша түсті.

Көктеммен бірге келген мереке жандары нәзік, жүректері мейірімге толы жандарға көрсетілген құрметке толы салтанат ретінде ұмытылмастай көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

А. НҰРТАУҰЛЫ.

Суретте:
Ел Президентінің
Құттықтау хатын
иеленген Базаркүл
Сүлейменова

БӘРЕКЕЛДІ!

БАСПАНАСЫЗ ЖҮРГЕН ЖҰМЫСШЫ АЗАМАТТАРҒА ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Жұмысшы мамандық иелерін дәріптеу мақсатында, Президент Жарлығын орындау үшін бүгінде «Отбасы банкі» арқылы жеңілдетілген ипотекалық несие беру қарастырылып отыр. Бұл бағытта әкімдік баспана алуға жергілікті бюджеттен қаражат қарастырады.

Өнеркәсіп орындарының жұмыскерлері үшін үлкен жаңалық болмақ. Кеншілер қаласы болғандықтан, осындай жеңілдіктер өңірімізде баспанасыз жүрген жұмысшы азаматтарға таптырмас мүмкіндік болары анық.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаев пен «Отбасы банк» АҚ Ұлытау облысы бойынша филиалы директорының міндетін атқарушы Ляззат Смаилова екіжақты меморандумға қол қойды.

Аталған ипотекалық бағдарлама арқылы Сәтбаев қаласының жұмысшы мамандық иелері 6%-бен, 10% бас-



тапқы жарнасын төлеп 18 жылға дейін несие ала алады.

Аталған бағдарламаның шарттары нау-

рыз айының соңында жарияланатын болады.

Қала әкімінің
баспасөз қызметі

МЕРЕКЕЛІК ҚАБЫЛДАУ

Қаланың «Ұлар» мейрамханасында қала әкімінің арнайы қабылдауына жайылған ақ дастарханға қаламыздың құрметті азаматтары, еңбек үздіктері, көпбалалы аналар және кәсіпкер ханымдар жиналды.

Көктем шуағымен бірге келетін ең шуақты мереке 8 наурыз мерекесіне орай қала басшысы М.Бөрібаев ардақты да аяулы жандарға ақжарма тілегін жеткізді.

- Біздің бар өміріміз сіздерге байланысты. Сондықтан да біз әрдайым

сіздердің алдарыңызда бас иеміз, құрмет тұтамыз – деді қала әкімі.

Ақтарылған ақжарылқап ақтілектер жергілікті өнерпаздардың ән-биімен әспеттеліп отырды.

Қала әкімінің
баспасөз қызметі

БАЙҚАУ

СҰЛУЛАРДЫҢ СҰЛУЫ

Жаңаарқа ауданында Ақмарал Әлтаева атында сұлулық байқауын өткізу дәстүрге айналған. Бұл жол апатынан қайтыс болған аяулы асыл жарының рухына деген құрмет белгісі ретінде ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтайдың бастамасымен, ұйымдастыруымен дәстүрге айналған байқау екенін айта кеткен абзал. Биыл байқау ұлы Абайдың туғанына 180 жыл толуына орайластырылып өткізілді.

Аймақтық байқауда бақ сынаған арулардың арасында Сәтбаев қаласы Абай атындағы №4- мектеп-лицейінің 10 –сынып оқушысы Шұғыла Төкен топ жарып, бас жүлде иегері атанды. Ол өткен жылы «Сәтбаев аруы - 2024» байқауында да бас жүлдені жеңіп алған еді. Енді, міне, «Арқа аруы -2025» байқауында да сұлулардың сұлуы атанды.

Бұл әрине, оның табиғи әдемілігі, таланты мен еңбегінің жемісі.

Шұғылаға алдағы уақытта шығармашылық табыс, биік белестерді бағындыруды тілейміз!

(Өз тілшімізден).



► АНАМНЫҢ ТІЛІ – АРДАҒЫМ МЕНІҢ...

ТІЛ ТУРАЛЫ КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жуырда елордамыз – Астана қаласында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VIII құрылтайы болып өтті. Құрылтайға еліміздің барлық өңірінен 300-дей, Ұлытау облысынан үш делегат қатысты. Олар - Ұлытау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бөлім басшысы Эльмира Сәрсенбайқызы, Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі, №13 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Сәния Ахмет және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ұлытау облыстық филиалының төрағасы Базаркүл Сейітжанқызы.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин құрылтай қатысушыларына арналған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. Қоғамның 2023-2024 жылдарға арналған жоспарының аясында атқарылған жұмыстардың есебі жайлы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы баяндады. Есептік кезеңде «Қазақ тілі» қоғамы 30-дан аса аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруға ұйытқы болды. Тілімізді насихаттау мен қолданыс аясын кеңейту негізіндегі жұмыстар үш бағытты қамтыған. Оның ішінде қазақ тіліндегі мазмұн қорын арттыруға арналған бағытты алып қарасақ, тұңғыш рет Qazaq Oxford сөздігі басып шығарылып, еліміздің барлық университеттері мен кітапханаларына тегін таратылды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Абай Құнанбайұлының академиялық жинағы шығарылды.

Қоғам өз бастамасымен үлкен экрандарға жолдама алған Disney, Pixar, Sony студияларының «Ойжұмбақ-2», «Моана-2», «Муфаса: Арыстан патша», «Веном: Соңғы би» секілді танымал туындыларын қазақ тіліне аударып, кеңінен насихаттады. Мұны қоғамның өзі қаржыландырды.

Соңғы кездері «балаларға арналған контент аз, бұрынғы ескі мультфильмдерді жас өскіндер қарамайды, қазақша жасалған дүниелердің саны аз» деген көпшілік көкейіндегі мәселелерге осы аталған фильмдердің қазақша нұсқаларының кассалық табыс үлесінің бұрын-соңды болмаған жаңа рекорд орнатуын айтсақта жеткілікті болар еді. Өзірге бұл бір жылда атқарылған іс-шаралар.

Қоғамның тағы бір қолға алған бағыты жайлы да Рауан Кенжеханұлы кеңінен тоқталды. Бұл - білім беру жүйесіне әдістемелік қолдау көрсету. Өткен жылы еліміздің барлық аймағында 5000-нан аса қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басын қосқан 10-нан аса аймақтық форум өтіп, педагогтардың қауымдастығы құрылды. Мектеп оқушыларының тілдік дағдыларын шыңдайтын «Жарқын болашақ» шығармашылық олимпиадасы ұйымдастырылып, жеңімпаздарына еліміздің үздік университеттеріне грант тапсырылды.

Ал үшінші бағыт – IT саласындағы жетістіктерді тілді дамыту мақсатына тиімді қолдану бойынша да ҚР Цифрлы даму министрілігімен бірлесе жұмыстар жүргізілуде. Бір атап өтерлігі, Қоғамның ұзақ мерзімді жүйелі жұмысын жүргізу үшін Qazaq Tili Endowment

қоры құрылса, оған ең алғаш қолдау көрсеткен Мемлекет басшысы болды. Қазірге кезде қорға 500 миллион теңгедей қаржы жиналған және одан қордың үстеме табысы 75 миллион 473 мың 020 теңге болғанын, қордағы қаражат жұмсалмайтынын, нәтижесінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тұңғыш рет қаржылық дербестік пен тұрақтылыққа қол жеткізгендігін атап өткен Қоғам Президенті бұл бастаманы қолдаған ірі кәсіпкерлер мен компания басшыларына ризашылық сезімін білдірді.

Құрылтай барысында ҚР Жазушылар Одағының төрағасы Мереке Құлкенов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айдос Сарым сөз алып, тілімізді дамыту мен қолданылу аясын кеңейту бағытында қолға алынған ілкімді істер мен жүзеге асырылып жатқан жаңашыл жобаларды тілге тиек етті. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай мемлекеттік тілді дамыту бағытында екі бірдей маңызды жобаларды жүзеге асырып жатқандығын жеткізді.



-Оның бірі – сәуір айында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің бастамасымен қолға алынған «Алтын қордағы» дүниелер негізінде «Асыл мұра» атауымен 1500 күй, жыр-терме, халық композиторларының әндері, ертегі, бесік жыры, ретро әндер топтастырылған аудиоальбом. Екінші жоба – эфирдегі тіл тазалығын сақтау мақсатындағы «Комментатор сөздігі» құралы. Оған 50-ге жуық маман атсалысуда әрі эфирден ең жиі

көрсетілетін танымал 15 спорт түріне қатысты 1300-ге жуық термин енгізілді- деп атап өтті Ләззат Мұратқызы.

Құрылтайда сондай-ақ, Қоғамның құрылымдық жүйесі мен жарғысына өзгеріс енгізілді. 2025 жылға арналған іс-қимыл жоспары бекітілді.

Базаркүл СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ұлытау облыстық филиалының төрағасы.

► САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ!

ТАСҚЫН ҚАЙТАЛАНА ҚАЛСА...

Өткен жылдың су тасқыны бәрімізге де ащы сабақ болды. Сондықтан да, облыс басшылығы да, Жезқазған қаласының әкімдігі де қазір алдағы болуы мүмкін тасқын қарсаңында барынша мұқият болуға, жағымсыз жағдайлардың орын алуына жол бермеу қажеттігіне қатты назар аударуда. Бұл өте дұрыс.

2025 жылдың 19 ақпанында Жезқазған қаласы әкімі Қ.Шайжанов Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде комиссиясының отырысын өткізді. Мұнда Сарыкөңір ауылдық округіне қарасты Малшыбай ауылы әкімдігіне де Төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп атқарылатын жұмыстар айқындалып, белгіленді, тиісті тапсырмалар берілді.

Быттыр Қаракөңір өзеніне таяу орналасқан тұрғын үйлерді су басып қалғаны, соның салдарынан біршама шығын келгені белгілі. Қазіргі міндет – сол жағдайдың қайталануына жол бермеу.

Міне, осы мақсатта жақында қауіпті аймақта орналасқан Сарықамыс, Есжан, Ажығұл шаруа қожалықтарына, Малшыбай ауылындағы 2 тұрғын үй



иелеріне барып, арнайы әңгімелесіп, жағдайды түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Яғни, оларға су тасқынының қаупі сезіле бастаған жағдайда қайда, қалай хабарласу керектігінен бастап, малды қауіпсіз жерге қарай шығару турасында жан – жақты түсіндірілді. Адамдардың тарапынан қойылған барлық сұрақтарға тиісті жауаптары берілді, қағаз түріндегі жадынамалар да таратылды. Өйткені, сөз ұмытылып немесе естен шығып кетуі мүмкін, ал, жадынамада бәрі жазулы тұрады. Тұрғындар мұндай арнайы әңгімелесуге келіп, жағдайды түсіндірген ауыл басшылығына, мамандарға ризашылығын білдірді.

Көктем де келіп қалды. Күн жылып, қар ери бастайды. Табиғаттың қандай сынақ «ұсынары» беймағлұм. Бірақ, биліктің де, бұқараның да міндеті біреу-ақ, бұл – сынаққа төтеп беру, шығынға жол бермеу.

Малшыбай ауыл әкімдігі.

ОСЫ ЖҰРТ БАЛМАХАНДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Қарағанды облыстық партия комитеті 1943 жылы 1 маусымда өндірісте «Бұрғышы Б.Аймахановтың еңбек әдісін тарату туралы» қаулы қабылдап, ерен еңбек иесінің даңқы аспандап елімізге кеңінен тарай бастады. Еңбегіне орай жоғары марапаттарға ие болды. Ол туралы айтулы ғалым, академик Қаныш Сәтбаев: «Отан соғысы кезінде 50 бұрғылаушының жұмысын бір өзі атқарып, 50 мың тонна мыс өндірген қазақ батыры Б.Аймаханов сынды ерлердің өнегелі ісі мәңгі жасайды», - деп баға бергені бар. Осылайша есімі бүкіл елге тараған кеншінің кен өндірудегі ғаламат ерлігі ақындардың өлең-жырына, қаламгерлердің шығармаларына арқау болды. Жазушылар Ғабиден Мұстафиннің «Жиырма бес» атты кітабында, Мұхаметжан Қаратаевтың «Даладағы дабыл» романында кенші ерлігі суреттеліп, баяндалады. Дегенмен, ерен еңбегімен ерекше танылған батыр кеншінің есімі уақыт өткен сайын көмескіленіп барады. «Алшаң басып Аймаханов көшесімен келемін» деп Шынболат ақын жырға қосқан Рудниктегі көше тұрмақ, кенттің де орны қалмай өшіп бара жатқаны жанға батады.

Еңбек өренінің есімі архив деректері мен құжаттарда әртүрлі жазылғаны байқалады. Бір жерлерде Балмұқан деп жазылса, Баймақан деп жазылғаны да кездесіп қалады. Ғабиден Мұстафин «Жиырма бес» деген кітабындағы «Жезқазған» деген очеркінің кейіпкері туралы баяндағанда Балмұқан деп алса, ал, Мұхамеджан Қаратаев «Даладағы дабыл» атты документтерге негізделген публицистикалық романында Балмақан Аймаханов деп жазады. Журналист Әбілқасен Әмірәлиннің облыстық «Советтік Қарағанды» газетінде жарияланған очеркі «Батыр Балмахан» деп аталыпты. Ал, төлқұжаты мен әскери билетіндегі аты-жөні - Аймаханов Балмахан. Осы материалды жазуға дайындық барысында архив қорындағы құжаттарды қарап шығумен қатар, еңбек өренінің Жаңаарқа ауданының Ералиев ауылында тұратын қызы, кезінде балабақшада істеп бүгінде зейнеткер болып отырған Алтынкүлмен сөйлесіп, қолындағы біраз деректерімен танысудың сәті түскен еді. Алтынкүлдің айтуынша, әкесінің азан шақырып қойған аты Балмағанбет көрінеді. Әжмағанбет деген ағасы, Күлмағанбет деген інісі болыпты. Кеңес кезіндегі құжаттар орысшаның ыңғайымен бұрмаланып жазылып кетуі белгілі жайт қой. Қалай дегенмен де, біз төлқұжаттағы есімін негізге алғанды жөн көрдік.

Хош. Сонымен Балмахан 1910 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылында дүниеге келіпті. Сол кездегі аумалы-төкпелі заман кезінде әке-шешесі оңтүстікке қарай көшсе керек. Әуелде мал бағумен айналысқан ол өндірістегі еңбек жолын 18 жасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ащысай полиметалл комбинатының Хантағы кенішінде кенші болып бастайды. Жігерлі жас аз уақытта перфоратормен бұрғылау шеберлігін меңгеріп, озаттар қатарынан көрінеді. Ержетіп, ес жиған соң туған өңірге қарай таянады. Сөйтіп, 1939 жылдың көктемінде Жезқазған кенішіндегі №15

Сұрапыл соғыс жылдарында Жезқазған шахталарында кенші болып еңбек етіп, бір ауысымдағы нормасын 40 есе артығымен орындаған стахановшылар қозғалысының қаһарманы Балмақан Аймахановтың аты кезінде аңызға айналған еді.



шахтаға үйренген мамандығы бойынша жұмысқа тұрады. Шахтаға түскен алғашқы күндерден бастап жерасты жұмыстарының жүйесін жетік білетінін байқатқан Балмахан ауысымдық нормаларын үнемі асыра орындайды. Ол осындағы мақтаулы кенші Ахметқали Сафиннің бұрғылау әдісін үйреніп, онымен дос болады. Озаттар қатарына көтеріліп, «Құрмет тақтасының» төрінен орын алады.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Жезқазған кеншілерінің алдына бұрынғыдан да жоғары қарқынмен еңбек ету міндеті қойылды. «Отанға мыс керек!» деген ұранмен олар жауынгерлік вахтаға тұрып, екпінді еңбек үлгісін көрсетті. Солардың қатарында жоғары разрядты бұрғышы Балмахан Аймаханов айрықша еңбек көрсеткішімен танылды. Көптеген кеншілермен бірге ол 1942 жылғы ақпандағы алғашқы майдандық вахтада «Тыл гвардияшылары» деген құрметті атаққа ие болды. Ал, 1943 жылы жауынгерлік вахтаға тұрған Аймаханов ауысымдағы нормасын 40 есе артығымен орындап, 400 процентке жеткізеді. Осылайша әлемдік рекорд орнатқан ол өндіріске кен қуыстарын тереңдетіп бұрғылаудың жаңаша әдісін енгізеді. Қарағанды обкомының оң қанаттағы озат бұрғылаушы Б.Аймахановтың еңбек әдісін тарату туралы арнайы қаулы қабылдайтыны да осы тұс болатын. Оның

есімі радио арқылы бүкіл елімізге жайылған еді. Бірінші класты тау-кен шебері дәрежесін алады. Архивтегі құжаттар арасынан 1943 жылы 2 сәуірде Балмаханның өз қолымен жазған мына міндеттемесі (орыс тілінде жазылған) көзге түсті: «Мен, бұрғышы Аймаханов, кез келген өндірістік жағдайда күн сайынғы өндірістік нормамды 200 проценттен кем орындамауға, Қызыл Армия Бас қолбасшысының қорына жоспардан тыс 1300 тонна кен беруге және өзімнің өндірістік рекордымды жаңартуға міндеттенемін», - депті. Сол жылдың 24 маусымында «За медь» газеті «Б.Аймаханов 2 сағат ішінде 5 метрден екі скважина бұрғылады, 350 тонна кен қыртысын қопарды. Сменалық тапсырмасын 4370 процентке орындады» деп жазыпты.

Алған міндеттемесін сертке балаған кенші 1941 жылдан 1946 жылға дейін еңбек қарқынын бірде-бір төмендетпей, үнемі еселеп орындап отырыпты. Еңбек екпіндісіне аты жазылған сағат пен костюмдік мата сыйға тартылып, 1946 жылдың қыркүйек айында № 31-32 шахта басқармасына ауысым бастығы болып ауыстырылады.

Соғыс жылдарында Қазақстанда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген патриоттық ұранмен облыстық, республикалық ақындар айттысын ұйымдастыру үрдісі болған еді. Ақындар отты жырларымен халықты ынтымаққа, жеңіске үндеп, тылдағы еңбеккерлерді майданға көмектесуге шақырып отырды. Осындай бір айтыста Жезқазғанның атынан шыққан Болман ақын балқаштық Шашубаймен кездескен сөз сайысында кеншілердің еңбектегі жетістігін мақтан етіп, жырына былайша арқау еткен екен.

Жанарың ақын аға, жетпес шолып, Бергенім жеңіс үшін жатыр толып. Өндірген жоспардан тыс рудамменен Түп-түгел қаруланат сексен полк. Қияның қол жетпестей қиясымын, Дәл бүгін мақтануға сыясымын. Тудырған таңырқарлық алып ерлік, Өйткені, рекордтардың ұясымын. Атағы Алатаудай асқаралы, Жетерлік мың-сан жауды жасқарға әлі. Атқарған қырық адамның қызыметін, Алып жоқ Балмұқаннан асқан әлі, - деп жыр нәсерін төкпелейді.



Ерен еңбегіне орай Б.Аймаханов «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, Ленин және II-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен және Түсті металлургия саласының «НКЦМ озаты» белгісімен марапатталады. КСРО Түсті металлургиясының «Социалистік жарыс озаты» белгісіне ие болады. Халықтың сенімі мен құрметіне бөленген Балмахан 1947 жылы екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Ол бірнеше рет облыстық партия конференциясына делегат болып сайланды, облыстық, аудандық партия комитеті пленумының мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты.

Жанқиярлықпен еңбек еткен Балмаханның ауыр бейнеттен денсаулығы сыр беріп, силикоз дертіне шалдығады. Айықпас дерт ақыры болмай, 1956 жылы 46 жасында өмірден өтіпті. Ол бес баланың әкесі болатын. Туған ауылында салдырып кеткен еңселі үйінде жұбайы Базаркүл балаларын одан ірі жеткізіп өсірді. Үлкені Мархаба «Жеңіс» кеңшарында шопан көмекшісі, Думаны Жәйремде мұғалім, ҚарМУ-дің экономистік факультетін бітірген Мұхамедқали «Жеңіс» кеңшарында есепші, Алтынкүлі К.Маркс кеңшарында балабақша тәрбиешісі, кенжесі Алма 1975 жылы ҚарМУ-ді бітіріп, Түгіскен орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болған. Жылдар жыл-жыған сайын, уақыт өз өмірін жүргізетіні белгілі. Қазір Аймахановтың балаларынан Алтынкүл мен Алмасы ғана қалыпты. Немере, шөберелер қауымы баршылық. Түгіскенде атында бес-алты үйден тұратын шағын көше бар.

Аты аңызға айналған адам туралы деректер музей қоры мен архивте сақтаулы тұр. Қаныш ағамыздың «Б.Аймаханов сынды ерлердің өнегелі ісі мәңгі жасайды» деп баға бергені туралы жоғарыда айттық. Өткенімізге құрметпен қарар болсақ, ер есімін ел есінде мәңгі қалдырар шара қажет. Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Қаһарман кеншінің ұрпақтары да ел басына күн туған ауыр кезеңде Жезқазғанда аянбай еңбек етіп даңқ пен құрметке бөленген әкеміздің аты атаусыз қалмаса екен дейді. Өйткені, бұрынғы Жезқазған кенті мен «Төртіншіде» Аймаханов атындағы көше болғанымен, астындағы кенін алуға байланысты ол елді мекендердің жабылып, орнында үйіндісі ғана қалғанын жұрт біледі. Олай болса, кеншілер қаласы Сәтбаевта немесе Жезқазғанда Балмахан Аймахановтың атына бір көше берілсе, бұл - өндіріс тарихында ерекше ерлігімен танылған еңбек өреніне көрсетілген лайықты құрмет болар еді.

Амандық РАХҰЛЫ

(Суреттер Жезқазған мемлекеттік архивінің қорынан алынды).

ӨНЕР



«ҰЛЫТАУДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН ТАЙЖАН АҚЫН»

Кеннің қордасы атанған Қаныш қаласын өнердің ордасы десе де әбден жарасымды. Өйткені, қаланың мәдени – рухани өмірі әркез қыз-қыз қайнап жатады. Жергілікті деңгейде ғана емес, аймақтық, облыстық, республикалық сан түрлі өнер байқауын, конкурстарын өткізу қаланың дәстүріне айналып кетті. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес. Бұған «Ұлытаудан қанат қаққан Тайжан» дәстүрлі ән байқауының биыл төртінші мәрте өткізілуі дәлел.

Биылғы аламанға еліміздің әр қиырынан 18 әнші келді. Олардың өнерін ҚР еңбегі сіңген артист Ғалым Мұхамедін бастаған өнер тарландары бағалады.

– Мен осы конкурсқа төртінші рет қазылық жасауға келдім. Әр конкурс әрбір жаңа есімді қазақтың ән әлеміне таныстырып жатады. Мен осыған қуанамын. Қаныш ағамыздың атындағы қала басшыларының бірі бастаған істі екіншілерінің

аяқсыз қалдырмай дәстүрге айналдырғанына ризамын – деді танымал әнші, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Қатимолла Бердіғалиев.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаев та өзінің құттықтау лебізінде әншінің бұл ойын дөп басқандай болды. Оның «әкімдер келеді, кетеді, бірақ, қаланың дәстүрі өзінің жалғасын таба береді» деген сөзі көпшіліктің көңіліне қона кетті. Бұл Тайжан әндерін орындаушылардың Қаныш қаласында өтетін рес-

публикалық байқауы одан әрі жалғасын таба беретініне деген сенімді нығайта түсті.

– Бұл байқаудың өзіндік ерекшелігі бар – деді қазылар алқасының төрағасы Ғалым Мұхамедін: – Тайжекең атақты ақын, әнші, композитор Үкілі Ыбырайдың шәкірті және Сыр бойының дүлдүлі Нартай Бекежановтың ұстазы саналады. Сондықтан да, біз байқауға қатысушыларға Үкілі Ыбырайдың, Тайжекеңнің және Нартайдың бір – бір әнін

орындауды міндеттейміз. Мұндай талап басқа ешқандай байқауларда жоқ.

Екі күнге созылған байқау барысында өнерпаздар да аянып қалмады. Ал, қазылар алқасының әншілердің дауысына, үніне, мәтін мен ән ырғақтарын сақтауларына барынша мұқияттылықпен қарап отырғанына куә болдық. Былайғы көрерменге байқала қоймағанмен, олар нағыз мамандар ғой, бәрін екшелеп отырды. Соның арқасында

әншілердің өнері өзінің әділ бағасын алды деуге болады. Айтпақшы, байқауда микрофонды пайдалануға тыйым салынды. Сөйтсек, микрофон арқылы айтқанда дауыстың кейбір кемшін тұстары байқалмай қалады екен.

Қазылар алқасының мүшесі, белгілі әнші Серік Оспанов бір әншіге басын шайқап қалды. Бізге ол әнді тамаша орындап отырғандай көрінген. Сондықтан үзіліс кезінде Секеңнен «неғып риза болмай қалдыңыз?» деп сұрауға тура келді. «Әп- әдемі айтып келе жатты да, фальсетке түсіп кетті ғой. Яғни, жасанды дауысқа салып жіберді, егер микрофонмен айтқанда, бас бөйгеге таласатындардың бірі болуы әбден мүмкін еді – деді салмақты түрде. Міне, бұдан өнерді тану, бағалау дегеннің екінші бірінің оң жамбасына келе қоймайтыны байқалады.

Байқау қорытындысында бас бөйге Түркістан қаласынан келген Аружан Сағындыққа берілді. Оған 1 500 000 теңге табыс етілді. Батыс Қазақстан облысының өкілі Кенесары Бұлғанбаев – үшінші, Алматы қаласының өнерпазы Мадияр Өмірғалы – екінші, ал, Ұлытау облысының намысын қорғаған – Мадияр Мақсұтов – бірінші орынды иеленді.

Байқауда Тайжан Қалмағанбетұлы, Шынболат Ділдебаев, Жақсыкелді Сейілов атындағы арнайы сыйлықтардың тапсырылуы да өңіріміздің өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың әруақтарына деген зор құрмет белгісіндей сезілді.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ҰСТАЗ СӨЗІ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Спорт – ерекше сала . Бүгінгі қоғамда спортпен айналыспайтын адам кемде-кем десек те болады. Мектеп бағдарламасында апталық сағаты үш сағат дене шынықтыру сабағы жүргізіліп келеді. Бұл сабақты оқытуда ең бастысы , сабақтағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау боп табылады.

Сонымен қатар, білім алушының денсаулық жағдайын, жынысын, физикалық дамуын, физикалық дайындығын, психикалық қасиеттерін т.б. даму ерекшеліктерін ескеру. Дене шынықтыру сабағы біріншіден , денсаулықты нығайтуға, негізгі дене сапасын дамытуға және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпалы зор. Екіншіден , қозғалыс мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушылық және түзету бағытындағы дене жаттығуларымен қозғалыс тәжірибесін байыту .Үшіншіден, дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінде дағдылар мен біліктілікке үйрету, дене шынықтыру жаттығуларын өз бетінше ұйымдастыруға негізделген.

Мектебімізде спорттық секциялар жүйелі жұмыс жасайды. Бұқаралық спортты насихаттау, білім алушыларды дене шынықтыру мен спортқа жүйелі түрде баулу, салауатты өмір салтын насихаттау аясында жыл сайын қалааралық мектеп лигасы өткізіледі.

«Шұбар доп» волейбол, «Алтын доп» баскетбол, «Былғары доп» футбол, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық, үстел теннисі, жеңіл атлетикалық кросс өткізіліп келеді.

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу үшін үкіметімізде барлық жағдай қарастырылған. Қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысуға мүмкіндік зор. Өзіміздің еңбек жолымда талай шәкірттерім спорт алаңында қалалық, облыстық деңгейде танымал боп жүргені қуантады.

Мектебіміздің жас жеткіншектері , қыздар арасында «Алтын доп» қалалық 3 орын, «Алтын доп» баскетбол қалалық 1 орын ,облыстық 1 орын, қалалық жыл қорытындысында командалық 2 орын және екі жүз мың сертификатына ие болуымыз – мектеп мерейін асырды десем болады. Мұғалім әрқашан шәкіртімен мақтанады. Ал, саналы да салауатты өмірді қалыптастыра білген ұрпақ қана елінің адал азаматы болатынына сенемін . Мықты қоғам құрамыз десек ,сау ұрпақтың болашағын жақсартатын түсуіміз қажет .

Ақгүл САНСЫЗБАЕВА,
Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 1 ЖББМ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.



► ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ДРОППЕРЛЕР ДЕГЕН КІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ҚАУІПІ БАР?

Дроппер немесе дроп – бұл алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін. Осылайша, дроп өзінің қылмыстық схемаға тартылғанын әрдайым түсіне бермейді, өйткені алаяқтар әдетте өз әрекеттерін «заңды бизнес» ретінде жасырады.

Дропперді әртүрлі шоттар арасында заңсыз алынған ақшаны аудару үшін жалдайды. Бұл қылмыскерлерге іздерін жасыруға және тергеу жұмысын қиындатуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда алаяқтық аударымдар әртүрлі елдерде және әртүрлі адамдардың атынан жасалуы мүмкін. Дроппер өз жұмысы үшін банк картасы арқылы аударылған ақшаның пайызын алады.

Дроп – бұл сленг, ағылшын тіліндегі drop – тастау, лақтыру етістігінен шыққан.

Ақпараттық жүйені пайдаланушының алдау немесе сеніміне қиянат жасау жолымен жасалған алаяқтық фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру алаяқтың жеке басын анықтауға байланысты тоқтатылған кезде, жәбірленушілер тарапынан сотқа жүгінулер саны өсті.

Мұндай жағдайларда жәбірленушілер алаяқтар бөтен ақшаны тартып алу үшін өз схемаларында қолданатын дропперлер деп аталатындардан негізсіз баоды өндіріп алуды сұрайды.



Азаматтық кодекстің 953-бабына сәйкес заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), Азаматтық кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті. Осы баптың 1-тармағында белгіленген міндет, егер мүлік иеленіп алынған немесе жинақталған негіз кейіннен жоққа шыққанда да туындайды.

Осы тараудың ережелері негізсіз баю мүлікті иеленушінің, жәбірленушінің өзінің немесе үшінші тұлғалардың пиғылының нәтижесі не оқиғаның салдары болып табылғанына қарамастан қолданылады.

Осыған орай, азаматтардың назарын мұндай алаяқтыққа қатысуға жол берілмейтіндігіне және алаяқтықтың кез келген түрлеріне қатысқаны үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығына аударамыз.

Д.УТИКЕЕВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы.

ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Қазіргі таңда еңбек қауіпсіздігі – жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі. Кез келген өндіріс орнында техника қауіпсіздігін сақтау – жұмыс беруші мен қызметкердің ортақ міндеті. Бұл бағытта кәсіподақ ұйымдары да орны орасан.

Кәсіподақтар жұмысшылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауда маңызды рөл атқарады. Олар еңбек жағдайларын жақсартуға, жұмыс орындарында қауіпсіздік стандарттарының сақталуын қадағалауға ықпал етеді. Кәсіподақ өкілдері өндірістегі техника қауіпсіздігін сақтау мәселелерін көтеріп, жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізеді.

Мен және менің басты міндетім

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор – кәсіподақтың негізгі тұлғаларының бірі. Оның басты міндеттері:

- Жұмыс орындарында қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылау;
- Жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі бойынша құқықтарын қорғау;
- Жарақаттанудың алдын алу шараларын ұйымдастыру;
- Қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту және түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Еңбек заңнамаларының орындалуын тексеру.

Сәтбаев индустриалдық колледжінде атқарылған жұмыстар
Сәтбаев индустриалдық колледжінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда:

- Оқу шеберханаларында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық сабақтар ұйымдастырылды;
- Барлық зертханалар мен өндірістік цехтарда қауіпсіздік белгілері орнатылды;
- Колледж қызметкерлері мен студенттеріне еңбекті қорғау

бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді;

- Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында эвакуациялық жоспарлар жаңартылып, жаттығулар өткізілді;
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың бақылауымен аудит жүргізіліп, анықталған кемшіліктер жойылды.

Осы жұмыстардың нәтижесінде:

- Колледждегі еңбек қауіпсіздігі деңгейі артты;
- Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техникасын сақтау мәдениеті қалыптасты;
- Жарақат алу қаупі азайды;
- Студенттер мен оқытушылардың еңбекті қорғау саласындағы құқықтық сауаттылығы жоғарылады.

Қауіпсіздік техникасын сақтау – ортақ міндет

Кәсіподақ ұйымдары, техникалық инспекторлар және жұмысшылар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірлесе жұмыс істеуі керек. Өйткені, әрбір қызметкердің өмірі мен денсаулығы – басты құндылық. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы жазатайым оқиғалардың алдын алуға болады.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыру – тек жұмыс берушінің ғана емес, әрбір қызметкердің міндеті. Сондықтан, барлық жұмысшыларды қауіпсіздік техникасын қатаң сақтауға шақырамыз!

Рабиға ДОСМЕТОВА,
Сәтбаев индустриалдық колледжі еңбек қорғау жөніндегі техникалық инспекторы.

ЛУДОМАНИЯ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Лудомания сөзбе-сөз аударғанда «ақылсыздыққа дейін ойнау» деп те аталады құмар ойынға, патологиялық тәуелділік. Людоманиямен ауыратын адамдар құмар ойындарға, көбінесе ақшаға деген құштарлықты сезінеді, құмар ойындарына еліту ниетін бақылай алмайды және көбінесе құмар ойындарға жоспарланғаннан гөрі көп уақыт пен ақша жұмсайды. Бұл әртүрлі жастағы, жыныстағы, әлеуметтік мәртебедегі және білімдегі адамдар.

Лудомания психикалық бұзылыс болып саналады және адамның денсаулығы мен өмір сапасына елеулі әсер етуі мүмкін, көбінесе депрессиямен, мазасыздықпен және үмітсіздікпен бірге жүреді, әсіресе жоғалғаннан кейін. Лудоманиямен ауыратын адамдар маскүнемдік немесе есірткіні қолдану сияқты басқа тәуелділіктердің дамуына осал. Олар көбінесе құмар ойындарын жақындарынан жасырады, шығындар мен қарыздарды жасыру үшін өтірік айтуға бейім. Әлеуметтік оқшаулану және суицидке дейінгі ауыр психикалық бұзылулар одан әрі дамиды.

Қаламыздың әр бұрышында букмекерлік кеңселер салынып, саны жыл санап артып келеді. Осының салдарынан оңай жолмен ақша тауып, құмар ойынға құныққан жастарымыз көбеюде. Бәс тігіп, түнімен букмекерлік кеңсені торуылдап, уақытын текке өткізген жандарды көргенде налитының анық.

Бабаларымыз: «Ойынға ойсыз құмар», – деп текке айтпаса керек. Өт-



кенімізге үңілсек, құмар ойнау деген атау қазақ ұғымында болған емес. Бұл – бүгінгі қоғам дерті. Өкінішімізге қарай,

алдыңғы буын ағаларымыздың жүрген ізіне соңғы буынның ере алмауы қатты қапаландырады. Бабаларымыздың салған

жолын жалғай алмай жүрміз. Дегенмен де құмар ойынның жетегінде кеткен жандар үшін оңай жолмен ақша табатын букмекерлік кеңселер бүгінгі қоғамдағы қайратсыз азаматтарымыздың жұмыс орны болып алғандай.

Алғаш қызығушылықпен бәс тігіп, кейін ойынға тәуелді болып қалғандар қаншама? Құмар ойынға бейімделу кезеңінің бірі – жалындаған жастық шақ. Адамның қызығушылығын арттырып, құмарлыққа тез үйрететін де осы кез. Сананды улап, құмар ойынға үйір қылып жіберетіні шүбәсіз екенін біле тұра сол жолмен жүресің. Жігерлі кезеңде ой-өрісің дамиды шақта өміріңді арзан тіршілікпен өткізсең, егде жасқа келгенде сан соғып өкінерің хақ. Бұл қазаққа бөгде елден келген жат қылық.

Өзге еліктеймін деп лудомания дертіне шалдықпаңыз. Қазаққа бәсеке көрсе бәс тігетін емес, спортты серік еткен жігерлі жастар қажет.

Лудоманияны емдеу айтарлықтай күш – жігерді қажет етеді, бірінші кезеңде – өз проблемасын мойындау. Тұрғылықты жері бойынша психиатрға, психотерапевтке не болмаса психологқа жүгіну.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты әкімшісінің басшысы.



ОВЕН. Эта неделя предоставляет возможность углубиться в творческие проекты и установить важные контакты в деловой сфере. Первые дни недели располагают к спокойствию, однако к концу периода ваши амбиции могут вывести на новый уровень взаимодействия с коллегами. В отношениях с близкими ожидается гармония.



ТЕЛЕЦ. У Вас неделя начинается с мощного прилива энергии, способного возбудить ваши инициативные порывы. Неожиданные профессиональные возможности могут возникнуть в середине недели, что потребует быстрого принятия решений. Личная жизнь обещает быть насыщенной и эмоциональной, даря новые яркие впечатления.



БЛИЗНЕЦОВ ждёт период динамичного обмена идеями, что особенно полезно в карьерном росте и личностном развитии. События недели раскроются через призму интеллектуальных открытий и неожиданных встреч. Любовная сфера обретает свежесть, внося в будни нотки романтики и веселья, а внутреннее равновесие будет способствовать гармоничному восприятию перемен.



РАК. Новая неделя у Раков начинается с акцента на эмоциональную глубину и семейные ценности, создавая атмосферу доверия и поддержки. В профессиональной деятельности ожидается стабильный прогресс, если вы не боитесь проявлять инициативу. Ваше здоровье и эмоциональное состояние помогут справиться с любыми неожиданностями.



ЛЕВ. В начале недели энергия Луны вдохновит вас на яркие свершения и творческие эксперименты. Вы сможете реализовать свои амбиции в работе, когда звезды окажутся на вашей стороне, поддерживая лидерские качества. Личная жизнь обещает быть полна страсти и удивительных встреч, а оптимизм станет залогом успеха во всех начинаниях.



ДЕВА. Эта неделя предвещает для Дев период самоанализа и практических решений, что позволит внести порядок в повседневные дела. Ваш аналитический ум поможет быстро распутать сложные ситуации как в профессиональной, так и в личной жизни. Физическое самочувствие улучшится благодаря умеренным физическим нагрузкам и здоровому режиму.




ВЕСЫ. Первые дни недели настроят представителей знака Весы на поиски баланса между карьерой и личными интересами, способствуя новым возможностям в общении с окружающими. Ваше обаяние и дипломатичность откроют двери к сотрудничеству. Отношения с любимым человеком наполнятся романтическими и вдохновляющими моментами.



СКОРПИОН. Наступающая неделя сулит Вам интенсивные перемены, способные трансформировать взгляды на жизнь. В профессиональной сфере важно проявить решительность и не бояться идти на риск, чтобы добиться успеха. В этот период возможны новые знакомства, неожиданные поездки и даже перемены в карьере.



СТРЕЛЕЦ. В течение недели вас ждёт период активного поиска новых знаний и расширения горизонтов, что благоприятно скажется на карьерном росте. Ваш оптимизм и энергия привлекают интересных людей, способных поделиться ценными идеями. В романтической жизни буде не все так радужно, возможны ревность и подозрения.



КОЗЕРОГ. Эта неделя начинается с акцента на долгосрочные планы и стратегии, где каждая деталь играет свою роль в достижении целей. В профессиональной сфере могут появиться новые обязанности, требующие вашего внимания и самоотдачи. В отношениях с близкими проявится забота и взаимная поддержка, что станет основой для крепких союзов.



ВОДОЛЕЙ. Новый период ознаменуется творческим вдохновением и нестандартными решениями, которые окажутся особенно эффективными в коллективной работе. Вас ждёт возможность проявить оригинальность в реализации личных проектов, что принесет удовлетворение и признание. У одиноких Водолеев будут все шансы повстречать наконец свою вторую половину.



РЫБЫ. Эта неделя будет наполнена мечтательностью и интуицией, позволяющими Вам находить неожиданные пути к успеху. Профессиональная жизнь может предложить новые перспективы, если вы прислушаетесь к своему внутреннему голосу. На этой неделе Скорпионам следует сосредоточиться на финансовых вопросах и материальном благополучии. Вероятны благоприятные изменения в сфере доходов или распоряжения ресурсами.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

Қазақстан әйелдердің құқықтарын қорғауға және олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған негізгі халықаралық келісімдер мен құжаттардың қатысушысы болып табылады.

Олардың арасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың Пекин платформасы, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясы, сондай-ақ Әйелдердің саяси құқықтары және ерлер мен әйелдердің еңбегін тең сыйақы беру туралы конвенция бар. Бұл құжаттар елдің гендерлік теңдік қағидаттарына адалдығын көрсетеді.

2024 жылғы 7 маусымда Қазақстан алғаш рет әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою мәселелерімен айналысатын CEDAW комитетінің құрамында таныстырылды. Бұл Орталық Азия үшін халықаралық құқық қорғау процестеріндегі маңызды қадам болды.

БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін Қазақстан заңнамалық деңгейде ерлер мен әйелдер құқықтарының теңдігін қамтамасыз етеді. 2024 жылғы 16 маусымнан бастап әйелдер мен балаларды қорғауды күшейтуге бағытталған заң күшіне енді. Онда зорлық-зомбылық үшін неғұрлым қатаң жауапкершілік шаралары және отбасы институтын нығайту жөніндегі шаралар көзделген.

Үкімет сондай-ақ 2024-2027 жылдарға арналған гендерлік теңдікті ілгерілету жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекітті.

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік



қызметтер мен өтемақылар алуға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді.

Полицияда әйелдер мен балаларға қатысты істерді тергеу бойынша арнайы тергеу топтары құрылды, оларға 260-тан астам әйел тергеушілер тартылды.

Ел бойынша дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсетуде. 2024 жылы мұндай орталықтарға 5,5 мың әйел жүгінген, олардың 3,7 мыңы балалармен.

Үкімет институты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы арнайы баяндама дайындады. Онда елдегі ахуал, халықаралық тәжірибе және осы құбылысқа қарсы күрестің ұлттық шаралары талданады. Баяндамада мемлекеттік органдарға арналған гендерлік кемсітушілікті жоюға және теңдік мәдениетін дамытуға бағытталған ұсынымдар қамтылған. Кейбір ұсы-

нымдар іске асырылды: отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді, қылмыстың алдын алу және зардап шеккендерді оңалту бойынша жұмыс жүргізілуде.

2024 жылы әйелдердің құқықтарын бұзу мәселелері бойынша өтініштер саны өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті. Көбінесе олар отбасындағы зорлық-зомбылыққа, мүліктік даулар мен алименттік міндеттемелерге қатысты.

Мемлекеттік органдар азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп гендерлік теңдік мәдениетін қалыптастыру, стереотиптерді еңсеру және Қазақстанда әйелдер мен қыздар үшін қауіпсіз орта құру жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

А.КАРИМОВ,
ҚР Адам құқықтар жөніндегі уәкілдің
Ұлытау облысы бойынша өкілі.

Анекдоты, анекдоты...



Сыну 4 года, ходит в детский сад. К 8 Марта детям раздали задание учить стишки для поздравительного концерта мамам. Воспитатели выдали мне бумажку, не глядя сунула ее в карман. Пришли домой, решила повторить стишок, а сын мне и говорит: «Да я его почти выучил!».

Я предложила прочитать, с выражением. Сын принял серьезный вид и громко с выражением зачитал: «Мамин труп на берегу! Помогаю чем могу!». Я в шоке, папа ржет захлеб. Потее, достаю бумажку из кармана и читаю: «Мамин труд я берегу — помогаю чем могу». Мы, конечно, переучили его. Теперь думаю, что зря. Это был бы бенефис, однозначно.

Приходит на 8 Марта Чебурашка к Шапокляк и говорит: «Поздравляю тебя с 8 Марта! Прими на память от меня и

Гены этот скромный подарок — зеленую сумочку из крокодильей кожи.

История 8 марта начинается с того, что Роза Люксембург и Клара Цеткин выбороли для женщин священное право работать наравне с мужчинами.

В память об этой победе этот день как минимум для женщин должен быть РАБОЧИМ!

Мужик перед иконой спрашивает:

- Господи, ну почему все девушки - такие милочки, лапочки и душечки, а жёны - стервы, змеи и ведьмы? Ну откуда они берутся?

А ему с неба голос:

- Девушек создаю я, а жён воспитываю вы.

ТАТУЛЫҚ – ТІНІ ТІРЛІКТІҢ

АЛҒЫС ЖАУҒАН КҮН

Қалалық «Достық Үйі» мереке құшағында. Өздерінің ұлттық киімдерін киінген әртүрлі ұлт өкілдері емен-жарқын күйде арнайы ұйымдастырылған көрмені тамашалауда. Әр ұлттың дәм-тұздары да осында. Алғыс айту күніне арналған кешке жиналған көпшіліктің көңіл-күйлеріне қарап еліміздегі ынтымақ, бірлікті тануға болғандай.



Мерекелік іс-шараға қаланың зиялы қауым өкілдері, облыс, қала басшылығы, қоғам белсенділері, халық қалаулылары, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері қатысты. Алғыс күніне арналған іс-шараны Сәтбаев қаласының Достық үйінің ұжымы ұйымдастырды. «Жасмин» би ансамбілінің орындауындағы «Қазақ» биімен басталған кеш одан әрі

ақжарма тілектерге, ән-жырға, күйге ұласты.

Жиналғандарды Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Д.Мұхан, Ұлытау облысының қоғамдық келісім орталығының басшысы Г.Сейтжанова құттықтап, Алғыс айту күнінің елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен құрметтің орнығуы екендігіне тоқталды. Салтанатты сәтте «Любавушка» орыс этно-мәдени

бірлестігінің төрағасы Мосунова Инна Эдвардовна және осы бірлестіктің алғашқы төрағасы Хмилярчук Татьяна Ивановна, Т.Шевченко атындағы украин этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Жук Оксана Николаевна, «Татар-башқұрт Қазақстан конгресі» Ұлытау облысы бойынша филиалының төрағасы Гилемханова Зульфия Зуфаровна, Неміс халқы ынталы тобының жетекшісі Геймбук Нина Андреевна, Өзірбайжан халқының ынталы тобының жетекшісі Мамедов Самир Рафиг-оглы, Өзбек халқының ынталы тобының жетекшісі Айқынбекова Собида Хайтмуратовна жүрекжарды лебіздерін ортаға салды.

Өзге ұлт өкілдері өздерінің қазақ жеріне, еліне деген құрметін, алғыс сезімдерін қазақша ән салып, күй тартып та жеткізіп жатты.

Кеш соңында іс-шараға қатысушылар ұшырған ақ көгершіндер аспан көгіне барлық ұлт өкілдерінің «Бейбіт күніміз, бейбітшілігіміз мәңгілік болсын! Күніміз нұрлы, аспанымыз әрдайым ашық болғай!» деген ақжарма тілегін барша әлемге жеткізуге асығып бара жатқандай әсерге бөледі.

Ай НҰР.



БӨРЕКЕЛДІ!

БІЛІМ БӘЙГЕСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

«Абай атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ-нің 11 «А» сынып оқушысы, «Алтын белгі» иегерінің үміткері Меруерт Қали Алматы қаласында өткен «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойынында жеңімпаз атанды.



Бұл білім сайысы «Хабар» агенттігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен ұйымдастырылды.

Сайысқа қатысқан 100-ден аса оқушының арасынан бірнеше кезеңді кейін қалдырып, бәйгенің алдынан келген Меруерт – Қаныш қаласының мақтанышына айналды.

Меруерттің жетістігі – оның үздік білімі мен табанды еңбегінің жемісі. Бұл ретте шәкірттерінің бойына терең білім нәрін құя білген ұстаздардың еңбегін де айрықша атап өткен жөн.

– Мен мектеп-лицейдің басшысы Ғалия Тәңірбергенқызы Иманбаева – Қазбековаға, өзім «қызымның мектептегі анасы» деп атайтын сынып жетекшісі Назымкүл Ерсұлтанқызы Әбдікєроваға және Гүлжамила Алтайқызы Қышамбаеваға алғыс айтамын. Меруерттің жетістігі ең алдымен осы ұстаздарының еңбегі – дейді жеңімпаз оқушының анасы Серіккүл Тұрысова.

Білімнің бұдан да биік шыңдарын бағындыра бер, Меруерт!

Абдолла ДАСТАНОВ.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 382

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.